



**БҰЙРЫҚ**

Шымкент қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 76.3/15  
город Шымкент

**Шаруашылық жүргізу құқығындағы  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардағы  
байқау кеңестерінің құрамы туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңға, «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 113 бұйрығына, «Денсаулық сақтау саласын дамытудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 17 қыркүйектегі № 540 бұйрығына, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың байқау кеңесінің мүшелеріне конкурстық іріктеу жүргізу жөніндегі конкурстық комиссия отырысының 2019 жылғы 26 маусымдағы хаттамасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың (бұдан әрі – Кәсіпорындар) байқау кеңестерінің құрамы 1-28 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Кәсіпорындардың байқау кеңестерінің ережелері 29-56 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Кәсіпорындардың басшылары осы бұйрықтан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Ғ.Абишевке жүктелсін.
5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшының м.а.

А. Байдувалиев

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының  
2019 жылғы «12» желтоқсан  
№ 163/2019 бұйрығына  
2-қосымша



**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№2 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының байқау кеңесінің құрамы**

Рахимбаева Райхан Миятбековна	-	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «№2 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының басшысы
Шорабаев Даулет Сеилбекович	-	Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының емдеу профилактикалық қызметті үйлестіру бөлімінің жетекші маманы
Жақсыбек Дәурен Жақсыбекұлы	-	Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының әкімшілік-құқықтық бөлімінің жетекші маманы
Құтымхан Шохан	-	«ЕСКА Greenстрой» ЖШС директоры
Галиева Лилия Аминовна	-	«Мод и компания» ЖШС директоры